

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті Түркология және тіл теориясы кафедрасының докторанты Пиязбаева Акмарал Бейсенкуловнаның «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «**Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модус**» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Әлемдегі кез келген дамыған елдің ұлттық экономикасы сол қоғамның түрлі салада даму динамикасына әсер етеді. Елдің әлеуметтік-экономикалық салаларын дамытуда тілдің қызметі зор. Тіл білу – адам капиталын құраушы негізгі құрал болғандықтан экономикалық сананың қазіргі таңда маңыздылығы, оның тілдік тұрғыдан зерттелуі зерттеу жұмысын өзектілендіріп отыр. Оның басты себебі экономикалық сана сананың кез келген түрі сияқты оның трансформациясы, жетілуі де тілмен байланысты жүзеге асады. Сананың көрінісі тілде жүйелі түрде репрезентацияланады, бұл репрезентанттар әмбебап сипатта болады, әсіресе лексикалық қабаттағы өзгерістер басқаға қарағанда жылдам, тез жүреді. Сондықтан Акмарал Пиязбаеваның ғылыми диссертациялық жұмысында сөз болып отырған зерттеу нысанына лексика-фразеологиялық, паремиологиялық бірліктер мен атаулар алынып отыр.

Аталмыш диссертациялық жұмыста қазақ ұлттық экономикалық санасы тұңғыш рет дәстүрлі және заманауи модуста қаралып, оның трансформациясы тілік материалдар негізінде анықталады. Екіншіден, тәуелсіздікке дейінгі лексикографиялық еңбектерде көрініс тапқан сол заманғы, сол кезеңдегі экономикалық сананың репрезентанттары ретіндегі тілдік бірліктер мен тәуелсіздіктен кейінгі экономикалық сананың көрінісі ретіндегі тілдік бірліктер салыстырыла зерттелді. Қазақ тілінде жарыққа шыққан энциклопедиялық және лексикографиялық еңбектерде тіркелген тілдік бірліктерді салыстыру арқылы екі кезеңдегі экономикалық сананың ерекшеліктері тілдік материал негізінде анықталып отыр. Диссертант тілдің экономикалық сананы қалыптастырудағы, дамытудағы, трансформациялаудағы рөлін осы тұрғыдан көрсеткен. Біздің бастапқы ғылыми болжам бойынша кеңестік кезеңнің көрінісі ретіндегі он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (Алматы, 1985) экономикалық дискурста қатысты тілдік бірліктердің семантикасы өте тар болуы мүмкін, себебі ол кезде Қазақстан экономикасы тәуелсіз түрде дамыған жоқ. Қоғамның экономикалық санасы қазіргіге қарағанда әлдеқайда салғырт дамыды. Диссертант Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарыққа шыққан он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі» (Алматы, 2011) экономикалық құбылыстарға қатысты лексикалық бірліктерді салыстырғанда, сөздердің семантикалық өрісі әлдеқайда кеңейгенін байқады. Зерттеу нәтижесінде экономикалық дискурста тән лексикалық бірліктердің саны артқанын да анықтады. Мысалы, бір ғана «баға» сөзінің он томдық сөздікте негізгі реестрде

берілген мағынасы үшеу болса, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары басылып шыққан он бес томдық сөздікте «баға» сөзімен 34 сөзтіркесі берілген екен. Бұл концептінің қаншалықты кеңейгендігінің айқын көрінісі.

Осылайша, Ақмарал Пиязбаева экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясын дәстүрлі және заманауи модус тұрғысынан қарастыру арқылы қазақ қоғамының дүниетанымдық трансформациясын түсіндіруге, ұлттық мәдени кодты ашуға және тілдің әлеуметтік функциясын тереңірек пайымдауға талпыныс жасап отыр. Осы тұрғыдан бұл диссертациялық жұмыс аса өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Диссертант диссертациялық жұмыста тілдік қауымдастықтың экономикалық санасындағы өзгерістерді тілдік деректер арқылы анықтау мақсатында кешенді пәнаралық әдістемелік тәсілдер қолданды. Атап айтқанда: квалитативті (сапалық) талдау, квантитативті (сандық) талдау, лексика-семантикалық талдау, сандық талдау әдісі, лингвостатистикалық әдіс, салыстырмалы-сипаттамалы әдіс, модустық талдау (мәдени, дәстүрлі, заманауи, кезеңдік). Әдістердің таңдалуы зерттеу нысанының күрделілігіне, яғни экономикалық сана, тіл және экономика арасындағы тығыз байланысқа негізделді. Болашақта да осы әдіс-тәсілдердің көмегімен кеңестік және тәуелсіздік кезең лексикографиялық еңбектеріндегі экономикалық дискурс көрінісінің салыстырмалы талдаудың жалғастыру көзделіп отыр.

Диссертант диссертациялық жұмысында тілдік материал ретінде энциклопедиялық және лексикографиялық еңбектердегі экономикалық дискурста тән тілдік бірліктерді экономикалық сана репрезентанттары ретінде алды. Атап айтқанда, «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» Энциклопедиясын (2017); «Қазақ совет Энциклопедиясын» (1972-1978, 1972); лексикографиялық еңбек ретінде: Он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін» (2011); Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (1959, 1976, 1980, 1982, 1983, 1985, 1986); «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» (1961); «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздігін» (2014); «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» (2016); «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» (1966) пайдаланды. Диссертанттың зерттеу жұмысы қойылған мақсатына сай, міндеттері ғылыми талапқа сай толық сараланған.

Қорыта келе, докторант А.Б.Пиязбаеваның «8D02303 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған **«Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модус»** тақырыбындағы диссертациясын толық аяқталған жұмыс деп бағалаймын.

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының директоры

Ф.ғ.к. қауым. профессор



А.Фазылжан

«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі

« _____ » 20 _____ ж.